

**Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру
комитетінің «Допингке қарсы ұлттық орталық»
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны**

Алматы қаласы

14 желтоқсан 2018 жыл

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау туралы ақпарат

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығын орындау мақсатында «Допингке қарсы ұлттық орталық» РМҚК директоры М. Бақашеваның 04.01.2018 жылғы № 02.1-04/11 бұйрығы бойынша допинг-бақылау маманы К.Нысанбаевамен «бөлімшенің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау», «бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау» бағыттары бойынша кәсіпорында ішкі талдау жүргізілді.

«Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының 03.07.2014ж. № 228-V Заңы;

«Спорттағы допингке қарсы күрес туралы халықаралық конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 07.12.2009ж. Заңы;

«Қазақстан Республикасының допингке қарсы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 19.09.2014ж. №18 бұйрығы;

«Дене шынықтыру және спорт ұйымдарының басшылары, мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 19.06.2016ж. №191 бұйрығы.

Ішкі талдау жүргізу кезеңі 2018 жылдың қорытындысы бойынша, жоғарыда аталған заңнамалар мен бұйрықтарды басшылыққа ала отырып жыл бойы келесі іс-әрекеттер орындалды:

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің "Допингке қарсы ұлттық орталық" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны 2018 жылы 04 мамырында № 1710 қаулысы негізінде Алматы ауданы әділет басқармасымен мекен жайын өзгертуіне байланысты қайта тіркеуден өтті.

Кәсіпорын қызметінің негізгі нысанасы спорт саласындағы қызмет болып белгіленген. Штат саны 20 адам. Кәсіпорын қызметшілерінің өз қалауы бойынша шешімдер қабылдауына, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделерін іске асыру кезінде кедергі жасауға ықпал ететін

жағдайлар, нормативтік-құқықтық актілерді өз еркінше түсіндіруге әсер ететін құқықтық бұзушылықтар анықталмады.

«Бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау» бағыты бойынша мүдделер қақтығысы, басшымен қызметкерлердің арасында қақтығыс фактілері анықталған жоқ, бөлім қызметкерлері тұрақты жұмыс істеуде.

Жыл басынан бері 1 қызметші жұмыстан өз еркімен босатылды. 2018 жылда жеке және заңды тұлғалардан кәсіпорын қызметшілердің жұмысына шағым түспеді. Допинг-бақылау инспекторлары, допинг-бақылау мамандары шет тілін жетік меңгере отырып, тұрақты түрде біліктілік деңгейін арттыруда.

2018 жылда 3000-нан астам допинг-бақылау сынамалары алынып, жоспарланған семинарлар мен лекциялар жүргізіліп отыр.

Кәсіпорын директоры және қызметкерлері жеке тұлғаларды қабылдау барысында кәсібилік, сабырлық танытады, даулы жағдайларға жол бермеуге тырысады.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша төмендегі іс-шаралар жасалды:

1) Кәсіпорынның меншігінде ғимараттардың болмауына байланысты мемлекеттік сатып алулар негізінде жасалған келісім шарт арқылы кәсіпорын Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 241 мекен жайында орналасқан кеңседе жұмыс атқаруда. Мемлекеттік органдармен, басқада мекемелермен байланыс (салық органдары, екінші дәрежелі банктер т.б.), азаматтарды қабылдау осы мекенжай арқылы жүзеге асуда;

2) «Дене шынықтыру және спорт ұйымдарының басшылары, мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрінің 19.06.2016ж. №191 бұйрығына сәйкес кәсіпорын директоры, директор орынбасары, жетекші ғылыми қызметкер, допинг-бақылау инспекторы лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптар сипатталған. Алайда, кәсіпорында қызмет атқаратын допинг-бақылау мамандары бұйрықта айқындалмаған, осыған орай, өкілетті органға ақпарат ұсынылып хат жолданды, кәзіргі таңда осы бұйрыққа өзгерістер енгізілу барысында.

3) 2018 жылғы 1 қарашасында Кәсіпорын директоры және допинг бақылау мамандары мен допинг бақылау инспекторлары бұқаралық ақпараттар құралдары өкілдеріне «Допингке қарсы» атты форум өткізді.

4) Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру комитетінің «Допингке қарсы Ұлттық орталық» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының қызметкерлерін аттестациядан өткізу туралы Ережесіне сәйкес және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоспар бойынша 2018 жылы қазан – қараша айларында Кәсіпорын қызметкерлеріне аттестация жүргізу шаралары өткізілді.

Директор



М.Бақашева